

№ 1 хаттамасы

25 тамыз 2025 жыл

Қатысқаны: -14

Тақырыбы: « 2025-2026 оқу жылына педагогикалық ұжымның жұмысын ұйымдастыру »

Мақсаты: 2025-2026 оқу жылына педагогикалық ұжымның жұмысын ұйымдастыру.

Күн тәртібі:

1. Педагогикалық кеңестің құрамын бекіту, хатшысын сайлау.
2. Жазғы маусым есебін тыңдау.
3. Балабақша педагогикалық ұжымын 2025-2026 оқу жылының жылдық жоспарымен, оқу жоспарымен, ұйымдастырылған оқу қызметінің жүктемесімен (вариативтік компоненттерді қосқанда), перспективалық жоспармен, балалардың күн тәртібімен таныстыру, талдау, талқылау, бекіту.
4. Оқыту-тәрбиелеу процесінде қолданылатын бағдарлама, педагогикалық технологиялар.
5. Аттестаттау комиссиясының құрамын сайлау, бекіту. Аттестаттау комиссиясының жұмыс жоспарын бекіту.
6. Шығармашылық топ құрамын сайлау, бекіту
7. Топтарға жауапты тәрбиешілерді бекіту.
8. Топтардың оқу жылына дайындығы. Анықтама
9. Педагогикалық кеңес шешімін қабылдау.

Тыңдалды:

1 мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Г.М.Наурызбаева педагогикалық кеңес құрамын бекітуді ұсынып, педагогикалық кеңес құрамы бекітілді.

2 мәселе бойынша топ тәрбиешілерінің жазғы маусым жұмыстарының есебі тыңдалды.

3 мәселе бойынша ,балабақша меңгерушісі Г.Наурызбаева сөз сөйлеп, биылғы оқу жылына арналған жылдық жоспарға өзгерістер мен толықтырулар енгізілгенін, жоспараға сәйкес мақсат пен міндеттер белгіленіп, оқу жоспарымен, ұйымдастырылған оқу қызметінің жүктемесімен, перспективалық жоспармен, балалардың күн тәртібімен таныстырып бекітуді ұсынды. Сонымен қатар, балабақша әдіскері Г.Қуанышбаева «Адал азамат: Біртұтас тәрбие » бағдарламасының жаңартылған мазмұнымен таныстырып, оның тәрбие жұмысына енгізілгендігін, перспективалық жоспар мен циклограмма да осы бағдарлама негізінде жазылатындығын, атап көрсетті.

4 мәселе бойынша балабақша әдіскері Г.Қуанышбаева, педагогтердің жылдық жоспарын бекітіп, Оқыту-тәрбиелеу процесінде қолданылатын бағдарлама, педагогикалық технологиялармен таныстырды.

5,6 мәселелер бойынша Аттестаттау комиссиясының құрамын сайланып, аттестаттау комиссиясының жұмыс жоспары сонымен қатар, шығармашылық топ құрамын сайланып бекітілді.

7 мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Г.М.Наурызбаева топтарға жауапты тәрбиешілерді бекіту бұйрығымен таныстырып өтті.

Сөйлеушілер:

Балабақша тәрбиешісі З.Хадимова, биылғы оқу жылына арналған жылдық жоспарға өзгерістер мен толықтырулар енгізілгендігін, жоспарға сай балабақша жұмысының мақсаты мен міндеттер белгіленіп, оқу жоспарымен, ұйымдастырылған оқу қызметінің жүктемесімен, перспективалық жоспармен, балалардың күн тәртібімен танысқандықтарын, сонымен қатар, б «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жаңартылған мазмұнымен танысып, оның тәрбие жұмысына енгізетіндіктерін, перспективалық жоспар мен циклограмма да осы бағдарлам негізінде жазылатындығын атап көрсетті.

Балабақша тәрбиешісі Г.Сахипова 2024-2025 оқу жылында ҚР мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбиелеу, білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқаулық хаттың мазмұнымен танысқандықтарын, жұмыс барысында үнемі басшылыққа алынатындығы жайында айтып өтті.

Балабақша тәрбиешісі М.Досқалиева, балабақша жұмысына жаңа оқу жылына құрылған аттестаттау комиссиясының құрамына, кеңес пунктінің жұмысына, шығармашылық топ құрамына сәттілік тілеп, бірлесе жұмыс жасайтындықтары жайында атап көрсетті.

Басқа сөйлеушілер болған жоқ.

Кеңес шешім етті:

1. Балабақшаның 2025-2026 оқу жылының жылдық жоспары, оқу жоспары, ұйымдастырылған оқу қызметінің жүктемесі, перспективалық жоспары, балалардың күн тәртібі бекітілсін.
- 2.« Адал азамат: Біртұтас тәрбие » бағдарламасының жаңартылған мазмұнымен таныстырылып, бағдарламаны жүзеге асыру жоспарын енгізілсін.
3. Педагогтердің жылдық жоспарын бекітіліп, оқыту-тәрбиелеу процесінде қолданылатын бағдарлама, педагогикалық технологияларды бекітілсін
- 4 2025-2026 оқу жылында ҚР мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбиелеу, білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқаулық хаттың мазмұны жұмыс барысында қолданылсын.
5. Аттестаттау комиссиясының құрамы сайланып, жұмыс жоспары бекітілсін.
6. Шығармашылық топ құрамы сайланып, бекітілсін.
7. Топтарға жауапты тәрбиешілерді бекітілсін.

Жиналыс басшысы:

Жиналыс хатшысы:



(Handwritten signature of G.M. Nauryzbaeva)

Г.М.Наурызбаева

Г.Қуанышбаева

«Гаухар» бөбекжай балабақшасының педагогикалық кеңесінің

№ 2 хаттамасы

30 қараша 2025 жыл

Қатысқаны: -14

Тақырыбы: «Мектепке дейінгі мекемеде жобалау технологиясын қолдану».

Мақсаты: мектепке дейінгі мекеме қызметіне жобалау технологиясын енгізу

Күн тәртібі:

1. Өткен кеңес шешімінің орындалысы туралы хабарлама;
2. Презентация «Жобалау технологиясы балабақшада»;
3. Жобалар қорғау:
Жоба «Күз» - ересек топ
Жоба «Жемістер мен көкөністер» - кіші топ
4. Сауалнама: «Сіз қандайсыз?»
5. Іскерлік ойын
6. Педагогикалық кеңес шешімін қабылдау.

Тыңдалды:

1 мәселе бойынша ,балабақша әдіскері Г.Қуанышбаева өткен педагогикалық кеңес шешімінің орындалысы туралы хабарлама жасады.

2 мәселе бойынша ,балабақша тәрбиешісі,шығармашылық топ жетекшісі З.Хадимова, «Жобалау технологиясы балабақшада» тақырыбында балабақша педагогтерін презентация арқылы таныстырды.

3 мәселе бойынша , «Ақ көгершін » ересек тобының тәрбиешісі Г.Сахипова «Күз», «Балапан»-кішкентайлар тобының тәрбиешісі- З.Хадимова «Жемістер мен көкөністер» тақырыбында жоба қорғады.

4 мәселе бойынша,балабақша психологі М.Боранбаева «Сіз қандайсыз? » тақырыбында сауалнама жүргізді.

5 мәселе бойынша ,балабақша әдіскері Г.Қуанышбаева «Мектепке дейінгі ұйымда әдістемелік жұмысты ұйымдастыру түрін жасау» тақырыбында іскерлік ойынын жүргізді.

Сөйлеушілер:

Балабақша тәрбиешісі Г.Суфалдырова: Балабақшада жоба технологиясын қолдану – балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, олардың ойлау, сөйлеу, әлеуметтік дағдыларын жетілдіруге және білім алудың тиімді әдістерін енгізу үшін маңызды құралдардың бірі болатынын , жоба технологиясы балабақшада оқыту процесін жаңартуға, баланың жеке ерекшеліктеріне қарай білім беруді ұйымдастыруға мүмкіндік беретіндігі жайында, аталған технологияның – балаларға белгілі бір тақырып немесе мәселе бойынша дербес зерттеу жүргізу арқылы балаларды белсенді әрекетке, ізденуге, сұрақ қоюға және

қорытынды жасауға баулитындығын, жоба жұмысында балалар белгілі бір мақсатқа жету үшін әртүрлі іс-әрекеттерді жүзеге асыратынын, бұл олардың өздігінен ойлау қабілеттерін, шығармашылықтарын дамытуға толық мүмкіндік беретіндігі жайында атап өтті.

Басқа сөйлеушілер болған жоқ.

Кеңес шешім етті:

1. Өткен кеңес шешімінің орындалысы туралы хабарлама басшылыққа алынсын.
2. Балалардың өздігінен ойлау қабілеттерін, шығармашылықтарын дамыту мақсатында жобалау технологиясы балабақшада енгізілсін.

Жиналыс басшысы:

Жиналыс хатшысы:



Handwritten signature of G.M. Nauryzbaeva

Г.М.Наурызбаева

Г.Қуанышбаева